

Автомобиль көлігімен (инватакси) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 11 желтоқсанда № 8950 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 19.01.2026 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Автомобиль көлігімен (инватакси) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Автомобиль көлігі департаменті (Е.Е. Джұмашев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, соның ішінде оны Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы "Әділет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға көшірмелерін жіберуді;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық

ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі М.Қ. Пішембаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

С. Сарсенов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрі

_____ Т.Дүйсенова

2013 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін
атқарушының
2013 жылғы 1 қарашадағы
№ 859 бұйрығымен
бекітілді

Автомобиль көлігімен (инватакси) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 521 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Автомобиль көлігімен (инватакси) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларына (бұдан әрі – Тасымалдау қағидалары) сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 19.01.2026 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағидалар автомобиль көлігімен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету кезінде мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді көліктік ортаны қамтамасыз етудің жалпы тәртібі мен шарттарын анықтайды.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) таксимен тасымалдаушы – интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильдік қосымшаларын пайдалана отырып қызметтер көрсету немесе жұмыстар орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау қызметтерін көрсететін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

2) шағын автобус – дайындаушы зауыт көздеген жүргізушінің орнын қоспағанда, отыратын орны он алтыдан аспайтын, ерекше шағын кластағы автобус;

3) инватакси – мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге арналған такси;

4) такси – Тасымалдау қағидаларына сәйкес жабдықталған, жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауға арналған жеңіл автомобиль;

5) мүгедектігі бар адамдарды инватаксиге, порталда тасымалдау жөніндегі тауарды және (немесе) көрсетілетін қызметті, көрсетілетін қызметті беруші (бұдан әрі – өнім беруші) – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға және жеке тұлға;

6) мүгедектігі бар адам – тыныс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттілігіне алып келетін, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, бұзылуларына байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам;

7) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы (бұдан әрі – Портал) – Кодекске сәйкес мүгедектігі бар адамдар үшін өнім берушілер ұсынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің, мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын жергілікті атқарушы органдардың кепілдік берілген сома шегінде өтеуі шарттарымен оларға қол жеткізудің бірыңғай нүктесін білдіретін ақпараттандыру объектісі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 19.01.2026 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Автокөлік құралдарымен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау бойынша қызметтер көрсету тәртібі

4. Мүгедектігі бар адамдарды тұрақты қалааралық облысаралық маршруттарда тасымалдау кезінде және халықаралық автомобиль тасымалдарында "Жолаушылар тасымалдары бойынша автокөлік қызметтері" 1040-2001 Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес келетін жолаушылар салонындағы өтудің ені 44 сантиметрден кем емес қалааралық автобустар (II класс) немесе алысқа жүретін автобустар (III класс) пайдаланылады.

5. Автобустарда мүгедектігі бар адамдарға арналған орындар және мүгедектігі бар адамдардың қозғалысына арналған кресло-арбалар автобустың жанама қабырғасының ені бойында бір қатарда орналастырады және олар автобустың жүрісі бойынша алға қарайды.

6. Кресло-арбаны орналасу орындарындағы жолаушылар салондарының еденінде және оларға қолжетімділік аймақтарында пандустар және баспалдақтар болмайды.

7. II және III класс автобустар орындықтарының арқасы жастығымен болады. Орындықтардың арқасы еңкею бұрышы бойынша орналасуды реттеуі болады.

8. Мүгедектігі бар адамдарды тікелей кресло-арбаларда тасымалдаған жағдайда автобуста қозғалыс кезінде кресло-арбаны бекітетін жабдықтар мен құралдар көзделеді.

9. Жүргізушінің жұмыс орны мүгедектігі бар адамдардың орналасу орындарынан болсын, кресло-арбаларды орналастыру орнынан болсын іске қосылатын дыбыс және жарық сигналдарымен жабдықталады.

10. II және III класс автобустары жолаушылар салонында мүгедектігі бар адамның қозғалуы үшін арналған арнайы көліктік арбамен жабдықталады.

11. II және III класс автобустарында кресло-арбаны тасымалдау үшін пайдаланылатын багаж бөлімі көзделеді. Бөлімде жинастырған күйде кресло-арбаны бекіту үшін құралдар көзделеді.

12. Көлік құралы аялдамалар, келу және кету уақыттары жөнінде хабарлайтын дыбыс және көретін ақпараттық табломен жабдықталады.

13. Қалалық маршруттық автобустардың жолаушылар салондарында кресло-арбадағы мүгедектігі бар адамдардың автобуска кіруі үшін арналған есікке қарама-қарсы бос алаң (бұрылу шеңбері) көзделеді.

14. Кресло-арбаны орналастыру үшін арналған еден учаскесінде бүйір қабырғаның ені бойында көлденең тұтқа орнатылады.

15. Автобустарда кемінде 2 жолаушы есігі көзделеді. Оның біреуі кресло-арбадағы мүгедекке мүгедектігі бар адамдарға автобуска кіруге және шығуға мүмкіндік беретін жабдықпен жабдықталады.

Шағын автобуста жабдықпен жабдықталған және кресло-арбадағы мүгедектігі бар адамдардың қолжетімділігі үшін де, мүгедектігі бар адамдармен бірге жүретін адамдар үшін де пайдаланылатын бір есіктің болуына жол беріледі.

16. Кресло-арбадағы мүгедектігі бар адамдардың автобустық қолжетімділігі үшін пайдаланылатын есіктің тиісті белгілері (жазулар немесе пиктограммалар) болады.

17. Автобустар мүгедектігі бар адамдарға автобустық қолжетімділігін қамтамасыз ететін рампалармен немесе кресло-арбадағы мүгедектігі бар адамдарды автобустық (автобустан) көтеруге (түсіруге) арналған жабдықтармен жабдықталады.

18. Республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық тасымалдауды жүзеге асыру үшін сатып алынатын автокөлік құралдары жасаушы зауытпен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарын тасымалдау үшін ыңғайластырылған.

3-тарау. Мүгедектігі бар адамдарды таксимен тасымалдау жөнінде қызметтерді көрсетуді ұйымдастыру

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Алып тасталды - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау үшін, соның ішінде кресло-арбада отыратын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға арнайы бейімделген "Жолаушылар такси тасымалдары бойынша автокөлік қызметтері" ҚР СТ 2272-2024 Қазақстан Республикасы ұлттық стандартының талаптарына сәйкес келетін жеңіл автокөлік құралдары пайдаланылады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Инватаксидің алдыңғы және артқы бөліктерінде "Мүгедектігі бар адам" төртбұрыш түріндегі және "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес Жол белгілерінің 7.17-тармағында көрсетілген жол белгісінің нышаны бейнеленген тану белгілері белгіленеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.11.2024 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21-1. Мемлекеттік органдар мен мекемелер отырғызуды, түсіруді жүзеге асыратын немесе мүгедектігі бар адамдарды күтіп тұрған "Мүгедектігі бар адам" тану белгілері

бар инватакси үшін өздерінің әкімшілік ғимараттарының аумағындағы автотұрақтарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Ескерту. 3-тарау 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.11.2024 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Жергілікті атқарушы органдар мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау жөніндегі қызметтерді Портал арқылы немесе Кодекстің 169-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес ұйымдастырады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға инватакси қызметін көрсетуге көрсетілімдер мыналар болып табылады:

1) "Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 288 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32994 болып тіркелген) 1-қосымшаға сәйкес жеке көмекшінің қызметтерін ұсынуға медициналық көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер;

2) "Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 287 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32993 болып тіркелген) 2-қосымшаның 5-тармағына сәйкес протездік-ортопедиялық көмекті, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды және арнаулы жүріп-тұру құралдарын беруге медициналық-әлеуметтік көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер;

3) екінші және үшінші дәрежелі өзіне-өзі қызмет көрсету және өзінің мінез-құлқын бақылау қабілеті шектелген ауыр және айқын психикалық бұзылулар.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) мүгедектігі бар адамдарға инватакси қызметтеріне ұсыну үшін 026/е нысаны бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қолданыстағы қорытындысы (бұдан әрі – ДКК қорытындысы) негіз болып табылады.

ДКК қорытындысын тіркелген жері бойынша бастапқы медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету ұйымы "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ-34 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27505 болып тіркелген) сәйкес береді.

Психикалық немесе мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар пациенттерге ДКК қорытындысын пациенттерді динамикалық байқауды жүзеге асыратын психикалық денсаулықтың медициналық ұйымы береді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.04.2026 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Инватакси қызметін көрсету кезінде:

1) кресло-арбалармен қозғалатын және (немесе) өз бетінше қозғалу мүмкіндігі жоқ мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау үшін отырғызуға және түсіруге арналған арнайы гидравликалық немесе жылжымалы (ашылатын) құрылғымен және кресло-арбаларды бекітуге арналған құралдармен жарактандырылған автокөлік пайдаланылады;

2) өз бетінше жүріп-тұру мүмкіндігі бар және кресло-арбаларды пайдаланбайтын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау үшін отырғызуға және түсіруге арналған арнайы гидравликалық немесе жылжымалы (ашылатын) құрылғымен және кресло-арбаларды бекітуге арналған құралдармен жарактандырылмаған автокөлік құралдарын пайдалануға жол беріледі.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. 12 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды инватакси конструкциясында көзделген қауіпсіздік белдіктерінің көмегімен баланы байлауға мүмкіндік беретін арнайы балалар ұстау құрылғысы немесе өзге де құралдар болмаған кезде, ал арнайы балалар ұстау құрылғысы болмаған кезде инватаксидің алдыңғы отырысында инватакси тасымалдауға жол берілмейді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26-1. Алып тасталды - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26-2. Алып тасталды - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Инватакси қызметтері белгіленген осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес инватакси қызметтерін ұсыну үшін объектілер мен межелі пункттердің тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) сәйкес көрсетіледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Жергілікті бюджеттің мүмкіндігі ескеріле отырып, жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша Тізбені, көрсетілімдерді кеңейтуге, инватакси қызметін көрсетудің сағат санын және бір сапардың уақыты бойынша ұзақтығын ұлғайтуға жол беріледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Инватакси қызметтері жұмыс, оқу кестесіне, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның жұмыс кестесіне сәйкес мүгедектігі бар адамдар болып табылатын жұмыс істеушілерге, білім алушыларға, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілеріне бірінші кезектегі тәртіппен ұсынылады. Мүгедектігі бар өзге адамдарға инватакси қызметтері олардың жүгіну тәртібімен ұсынылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Инватакси қызметтерін көрсету тапсырыс қабылдау, мүгедектігі бар адамды қарсы алу, орналасқан жерден инватаксиге дейін мүгедектігі бар адамды тасымалдауға жәрдемдесу (еріп жүретін адам болмаған жағдайда), сондай-ақ отырғызуға/түсіруге (қажет болған жағдайда), багажды тиеу/түсіруге (қажет болған жағдайда), мүгедектігі

бар адамды және еріп жүретін адамды (болған жағдайда) өтінімде көрсетілген межелі орынға дейін жеткізу кіреді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Инватакси салонында Тасымалдау қағидаларына сәйкес Мүгедек адам алатын бір орынға багажды алып жүруге рұқсат етіледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге көрсеткіштері бар мүгедектігі бар адамды сапарда бір адам алып жүреді.

Мүгедектігі бар адам инватаксимен тасымалдауға тек еріп жүретін адам болған кезде мынадай жағдайларда ғана жол беріледі:

- өз бетінше жүріп-тұру мүмкіндігі жоқ, оның ішінде арнайы қозғалыс құралдарын пайдаланған кезде де;

- осы Қағидалардың 23-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге көрсеткіштердің болуы;

- мүгедектігі бар балаларды ата-анасының және (немесе) оның заңды өкілінің еріп жүрумен инватаксимен тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуі.

Мүгедектігі бар адамды тасымалдау кезінде онымен бірге 14 жасқа дейінгі баласын тасымалдауға жол беріледі.

Осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкес инватакси қызметін көрсетуге көрсетілімдері жоқ және (немесе) ілеспе тұлға болып табылмайтын бөгде адамдарды инватаксимен тасымалдауға жол берілмейді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Адамның өтініші бойынша бордюр, саты, баспалдақ және басқа да тосқауылдардан өтуге көмек көрсету түріндегі кедергілерден жүргізушінің келісімімен ғана орындалады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Жүргізуші салонда қалып қойған, ұмытылған мүгедектігі бар адамдардың заттарының сақталуына жауап бермейді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен әлеуметтік қызметтер порталы арқылы тасымалдау бойынша қызметтер көрсету тәртібі

Ескерту. Қағидалар 1-параграфпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Инватакси қызметтерін алу үшін мүгедектігі бар адам немесе оның заңды өкілі (бұдан әрі – өтініш беруші) тұрақты тіркелген жері бойынша жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инватакси қызметтерін ұсынуға өтінішті және "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұсынылатын мүгедектігі бар адамның жеке басын куәландыратын құжатты береді.

Жергілікті атқарушы органдарының жауапты орындаушысы мынадай мәліметтерді алумен бірге өтініштерді қабылдайды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) мүгедектікті белгілеу туралы;
- 3) ДКК қорытындысы туралы.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.04.2026 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Өтініш беруші осы Қағидалардың 35-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен мәліметтерді (құжаттарды) толық ұсынбаған кезде жергілікті атқарушы органдар өтінішті қабылдаудан бас тартады және өтініш берушінің абоненттік құрылғысына қабылдаудан бас тарту туралы СМС-хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Осы Қағидалардың 35-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы сәйкес келген кезде жергілікті атқарушы органдардың жауапты орындаушысы өтініштерді келіп түсу тәртібімен "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – "Е-Собес" ААЖ) кезегінің электрондық журналында тіркейді.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. "Е-Собес" ААЖ тіркелгеннен кейін өтініштер, мүгедектігі бар адамның санаты туралы мәліметтер кезектілік тәртібімен "Е-Собес" ААЖ-дан Порталға беріледі.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемін жергілікті атқарушы органдардың жауапты орындаушысы "Е-Собес" ААЖ-дан "Іс-шараларды жоспарлау" модулінің деректерін ескере отырып, ай сайын Порталға жібереді.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. "Е-Собес" ААЖ-мен мобильді азаматтар базасында тіркелген өтініш берушінің абоненттік нөміріне Порталда мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау жөніндегі қызметтерді өнім берушіні авторизациялау және таңдау қажеттілігі туралы СМС-хабарлама жіберіледі.

Өнім берушіні таңдауды жүзеге асыру үшін өтініш беруші порталда авторизацияланады (<http://aleumet.egov.kz>).

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Өтініш берушінің Порталда өнім берушіні таңдауы оған мәліметтерді Порталға жіберу туралы хабарланған күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Өтініш беруші өнім берушіні таңдауы болмаған кезде мәліметтерді Порталға берген күннен бастап бір ай ішінде "Е-Собес" ААЖ-дан өтініш берушінің абоненттік құрылғысына келесі ай ішінде Порталда өнім берушіні таңдау қажеттілігі туралы СМС-хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Мәліметтерді Порталға берген күннен бастап екі ай өткен соң өтініш берушіде Порталда өнім берушіні таңдау мүмкіндігі бұғатталады және себебін көрсете отырып, өнім берушіні таңдау мүмкіндігін бұғаттау туралы СМС-хабарлама өтініш берушінің абоненттік құрылғысына жіберіледі. Порталда өнім берушіні таңдауды жалғастыру үшін өтініш беруші порталдағы жеке кабинетте "өнім берушіні таңдауды белсендіру" батырмасын басады.

Порталдан өнім берушіні таңдауды белсендіру туралы мәліметтер автоматты түрде "Е-Собес" ААЖ-ға беріледі, содан кейін өтініш беруші "Е-Собес" ААЖ кезектілігін ескере отырып, өнім берушіні таңдайды.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Өтініш беруші порталда өнім берушіге инватаксимен тасымалдау жөніндегі қызметке тапсырысты ресімдейді және жібереді, сонымен бір мезгілде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 6 маусымдағы № 205 бұйрығымен бекітілген Мүгедектігі бар адамдарға тауарлар мен қызметтерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы өткізу кезінде олардың құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32720 болып тіркелген) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнім берушіге кепілдендірілген соманы өтеуге арналған өтінішке ЭЦҚ-ға қол қояды.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Өнім беруші өтініш порталда келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мынадай бас тарту себептерін көрсете отырып, өтінімді қабылдау туралы немесе инватаксиге тасымалдау жөніндегі қызметті ұсынудан бас тарту туралы өнім берушінің ЭЦҚ қол қойылған хабарламаны қарайды және "пайдаланушының жеке кабинетіне" жібереді:

өнім берушілер тізілімінен шығаруға өтініш берілді;

соның негізінде инватакси қызметі ұсынылатын нормативтік құқықтық актінің күшін жою;

тұрақты мекен-жайы бойынша өтініш беруші тіркелген елді мекеннен тыс жерде қызмет көрсетуге тапсырыс;

өнім беруші инватаксимен тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін мүгедектігі бар адамдардың рұқсат берілген санынан асып кетуі;

бұдан бұрын өтініш берушіге мобильдік қосымшамен расталған өнім берушінің мекенжайына негізсіз қорлау мен адамның қадір-қасиетін қорлайтын айыптаулар себебінен қызмет көрсетуден бас тартылған болатын;

форс-мажорлық мән-жайлар (төтенше жағдайлар, дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және еңсерілмейтін күштің басқа да мән-жайлары) себебінен қызмет көрсету мүмкін еместігі.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Өнім беруші мүгедектігі бар адамдарды инватаксиге тасымалдау бойынша қызметті көрсету кезеңінде орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін қалыптастыру үшін порталда "өнім берушінің жеке кабинеті" модуліне бере отырып, таксиге тапсырыстың мобильді қосымшасы арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес электрондық-цифрлық құжат нысанында инватокси қызметтерін әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы көрсетудің маршруты туралы ақпаратты қалыптастыра отырып, сапар маршруттарын тіркейді.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.04.2026 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Өтініш беруші өзі таңдаған өнім беруші инватаксимен тасымалдау жөнінде қызметтерді одан әрі алудан мынадай себептерді көрсете отырып бас тартады:

өнім беруші уақтылы қызмет көрсетуге кіріспеді;

өнім беруші қызмет көрсету мерзімі мен уақытын жүйелі түрде бұзады;

өнім беруші сапасыз қызмет көрсетілді.

Таңдаған өнім беруші мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау жөнінде қызметтерді одан әрі алудан бас тарту айына бір реттен аспайды. Басқа таңдаған өнім берушімен қызмет көрсету келесі айдың 1-күнінен бастап жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағидалар 47-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Өнім беруші келесі себептерді көрсете отырып инватаксимен тасымалдау жөнінде қызметтерді одан әрі ұсынудан бас тартады:

өнім берушілер тізілімінен шығаруға өтініш берілді;

соның негізінде инватокси қызметі ұсынылатын нормативтік құқықтық актінің күшін жою;

тұрақты мекен-жайы бойынша өтініш беруші тіркелген елді мекеннен тыс жерде қызмет көрсетуге тапсырыс;

жүктеменің тым асып кету салдарынан қызмет көрсетудің мүмкін еместігі;

инватокси қызметтерін көрсетуге көзделген мүгедектігі бар адамның мәртебесіне сәйкес белгіленген сағат санынан асып кетуі;

өнім беруші инватаксимен тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін мүгедектігі бар адамдардың рұқсат берілген санынан асып кетуі;

бұдан бұрын өтініш берушіге мобильдік қосымшамен расталған өнім берушінің мекенжайына негізсіз қорлау мен адамның қадір-қасиетін қорлайтын айыптаулар себебінен қызмет көрсетуден бас тартылған болатын;

форс-мажорлық мән-жайлар (төтенше жағдайлар, дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және еңсерілмейтін күштің басқа да мән-жайлары) себебінен қызмет көрсету мүмкін еместігі.

Ескерту. Қағидалар 48-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Мүгедектігі бар адамдарды Портал арқылы инватаксимен тасымалдау жөнінде қызметтерді көрсететін өнім берушілерге қойылатын талаптар "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына, осы Қағидаларға және "Жолаушылар такси тасымалдары бойынша автокөлік қызметтері" ҚР СТ 2272-2024 Қазақстан Республикасы ұлттық стандартына сәйкес келеді, оның ішінде мыналарды қамтиды:

1) жергілікті атқарушы органдарға берілген такси тасымалдаушысы ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарламаның болуы;

2) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру туралы шарттың болуы;

3) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға арналған кемінде он автокөлік құралдарының болуы;

4) әрбір он автокөлік құралдарына мүгедектігі бар адамдарды кресло-арбамен тасымалдауға бейімделген кемінде бір инватакси;

5) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауды мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету мәселелері бойынша оқудан өткен, автокөлік құралдарын басқару өтілі кемінде үш жыл жүргізушілермен қамтамасыз ету;

6) сапар маршрутын белгілеу және өнім берушінің орындаған жұмыстарын растайтын инватакси қызметтерін әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы көрсетудің маршруты туралы ақпаратты қалыптастыру мүмкіндігі бар таксиге тапсырыс берудің мобильдік қосымшасы арқылы таксиді шақыруды қамтамасыз ететін ақпараттық-диспетчерлік такси қызметімен ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету жөніндегі шарттың болуы;

7) ұялы байланысты қоса алғанда және өтінімдерді қабылдау үшін Интернет желісі арқылы көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санын бақылау үшін телефон келіссөздерін жазу мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылғымен жабдықталған, өтінімдерді қабылдау үшін кемінде екі телефон нөмірімен жарақтандырылған мүгедектігі бар адамдардан тапсырыстарды қабылдауға арналған диспетчерлік қызметтің болуы;

8) инватакси тасымалы жүзеге асырылатын және диспетчерлік қызмет орналасқан, сондай-ақ оған инватакси қызметтерін көрсететін өнім берушінің автокөлік құралдары бекітілетін елді мекен;

9) инватакси қызметтерін көрсету мүгедектігі бар адамның тұрақты тіркелген жері бойынша жүзеге асырылады;

10) мүгедектігі бар адамдарға инватакси қызметтерінің, оның ғимараттары мен құрылысжайларының (бар болса), қызмет көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету, оларға инватакси қызметтерін көрсету кезінде қажетті жайлылықтар мен жағдайлар жасау.

Ескерту. Қағидалар 49-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.04.2026 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Межелі пунктке келгеннен кейін инватакси қызметтерін әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы көрсетудің маршруты туралы ақпаратты автоматты түрде қалыптастыру үшін мүгедектігі бар адам немесе еріп жүретін адам бағасын қояды.

Ескерту. Қағидалар 50-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.04.2026 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Мүгедектігі бар адам немесе оның заңды өкілі қайтыс болған кезде төлем құжаттарын өнім беруші қайтыс болған күннен бастап бір ай ішінде, мүгедектігі бар адамның немесе оның заңды өкілінің қолы қойылмай ұсынады.

Ескерту. Қағидалар 51-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Жергілікті атқарушы органдар мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау жөнінде қызметтердің құнын жергілікті бюджет қаражатынан, бірақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 2 маусымдағы № 199 бұйрығымен бекітілген Мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы сатып алатын тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдік берілген соманы айқындау әдістемеге (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32681 болып тіркелген) сәйкес есептелген кепілдендірілген құннан аспайтын өтеуді жүзеге асырады.

Ескерту. Қағидалар 52-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету елді мекен шегінде осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкес қолданыстағы

ДКК-ның қорытындысы негізінде мынадай санаттар бойынша есеппен жүзеге асырылады:

1) бірінші топтағы мүгедек адамдар және екінші топтағы мүгедек адамдар болып табылатын жұмыс істейтіндерге айына кемінде жиырма бес сағат;

2) мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілеріне, білім беру ұйымдарында білім алушыларына айына кемінде жиырма бес сағат:

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;

кресло-арбамен қозғалатын екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;

18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;

3) тізбеге сәйкес бағыттар бойынша мүгедектігі бар өзге адамдарға айына кемінде алты сағат.

Мүгедектігі бар адамдарды инватаксиге тасымалдау жөніндегі қызметтерге көзделген сағат санын және бір сапар уақыты бойынша ұзақтығын ұлғайтуға осы Қағидалардың 28-тармағына сәйкес жергілікті бюджеттің мүмкіндіктерін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жол беріледі.

Ағымдағы айда пайдаланылмаған сағаттар келесі айға ауыстырылмайды.

Мүгедектігі бар адамды басқа санатқа ауыстыру цифрлық жүйелерден мәліметтер түскеннен немесе өтініш беруден кейін келесі айдың басынан бастап жүргізіледі.

Мүгедек адамдарды инватаксимен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету мынадай мән жайлар туындаған күннен бастап тоқтатылады:

мүгедектік тобының өзгеруі;

тұрақты тіркеу орнын ауыстыру;

мүгедектігі бар адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты мекен-жайға кетуі немесе қайтыс болуы.

Ескерту. Қағидалар 53-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.04.2026 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен мемлекеттік сатып алу арқылы тасымалдау бойынша қызметтер көрсету тәртібі

Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 19.01.2026 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағидалар 2-параграфпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету Портал мәселелері жөніндегі комиссияның қорытындысы негізінде Порталда қызметтер көрсетуші болмаған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

55. Инватокси қызметін алу үшін өтініш беруші инватокси қызметін көрсететін ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш (еркін нысанда);
- 2) жеке басын куәландыратын құжат немесе туу туралы куәлік;
- 3) ДКК қорытындысы;

4) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама.

2), 3) және 4) тармақшаларда көрсетілген құжаттар салыстыру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары мүгедектігі бар адамға қайтарылады.

Жеке және заңды тұлғаларға цифрлық құжаттар сервисі арқылы пайдаланылатын және ұсынылатын жеке басты куәландыратын құжаттар қағаз жеткізгіштегі құжаттарға тең.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.04.2026 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Өтініш беруші осы Қағидалардың 55-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен мәліметтерді (құжаттарды) толық ұсынбаған кезде, инватокси қызметін көрсететін ұйым өтінішті қабылдаудан бас тартады және өтініш берушіні бас тарту туралы хабардар етеді.

57. Осы Қағидалардың 55-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы сәйкес келген кезде, инватокси қызметін көрсететін ұйым өтінішті келіп түсу тәртібімен тіркейді.

58. Мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау жөніндегі қызметтерді таксимен тасымалдаушы ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарламаны жергілікті атқарушы органға берген, тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру туралы шарттың жасасқан, сондай-ақ иелігінде инватокси, қызмет көрсету үшін қажетті персоналдың жұмысы үшін шарттары бар, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардан тапсырыстарды қабылдауға арналған, өтінімдерді қабылдау үшін ұялы байланысты қоса алғанда және Интернет желісі арқылы көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санын бақылау үшін телефон келіссөздерін жазу мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылғымен жабдықталған

өтінімдерді қабылдау үшін кемінде екі телефон нөмірімен жарақтандырылған диспетчерлік қызметі бар ұйым көрсетеді.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.04.2026 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Инватакси қызметін көрсетуге қойылатын талаптар мемлекеттік сатып алу туралы шартта белгіленеді, оның ішінде мыналарды қамтиды:

1) инватакси қызметтерін ұсыну үшін объектілер мен межелі пункттердің тізбесі (бұдан әрі-тізбе);

2) тәулік ішінде күндізгі және түнгі уақытта инватаксидің жұмыс режимі, демалыс және мереке күндері;

3) инватакси тасымалы жүзеге асырылатын және диспетчерлік қызмет орналасқан, сондай-ақ оған инватакси қызметтерін көрсететін ұйымның автокөлік құралдары бекітілетін елді мекен;

4) инватаксиді тасымалдау жүзеге асырылатын елді мекенде тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркелген мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін инватакси қызметтері;

5) инватакси қызметтерін көрсететін ұйым мүгедектігі бар адамдарға инватакси қызметтерінің, оның ғимараттары мен құрылысжайларының (бар болса), қызмет көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етеді, оларға инватакси қызметтерін көрсету кезінде қажетті ыңғайлылықтар мен жағдайлар жасайды;

6) тәуліктің кешкі және түнгі уақытында, демалыс және мереке күндері мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға қызмет көрсету үшін кезекші инватаксилердің болуы;

7) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауды мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету мәселелері бойынша оқудан өткен, автокөлік құралдарын басқару өтілі кемінде үш жыл жүргізушілермен қамтамасыз ету.

60. Инватакси қызметтерін көрсететін ұйым мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген талаптарды орындайды.

61. Инватакси қызметтерін көрсететін ұйым ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инватаксидің орындалған жұмыстарын растайтын мүгедектігі бар адамдардың қолдары бар инватакси қызметтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес көрсетудің маршруты туралы ақпаратты жергілікті атқарушы органдарға береді.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.04.2026 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Инватакси қызметтерін алу үшін өтінім жоспарланған сапар күніне дейін бір күн бұрын инватакси қызметін көрсететін ұйымға телефон арқылы беріледі.

63. Тапсырыс беру кезінде мүгедектігі бар адам мынадай деректерді: тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда), сапар күнін және уақытын, белгіленген пункттің нақты мекенжайын, мүгедектігі бар адаммен және (немесе) оның заңды өкілімен байланысу үшін телефонын, өзге де қосымша ақпаратты (жолаушылардың санын, жүк көлемін және жай-күйін, поездың, автобустың, әуе кемесінің келу/кету уақытын) береді.

64. Диспетчер инватакси маршрутын жасау кезінде өтінім уақытын түзетеді және оны мүгедектігі бар адаммен келіседі.

65. Қызметтерді көрсету кезінде инватаксидің жүру бағыты бойынша бір мезгілде бірнеше мүгедектігі бар адамдардың өтінімін орындауға жол беріледі.

66. Өтінімді алып тастаған жағдайда мүгедектігі бар адам тапсырыстың белгіленген уақытына дейін бір сағаттан кешіктірмей диспетчерлік қызметке хабарлайды.

67. Инватакси тапсырыс орнына келгені туралы хабарланғаннан кейін инватакси мүгедектігі бар адамды 20 минут күтеді. Мүгедектігі бар адам көрсетілген уақытта келмесе, тапсырыс алынады және өтінім орындалды деп есептеледі.

68. Маршрут бағыты өзгертілген жағдайда мүгедектігі бар адам тапсырыстың белгіленген уақытына дейін бір сағаттан кешіктірмей диспетчерге телефон арқылы хабарлайды. Сапар мекенжайының өзгеруі инватакси маршрутымен сәйкес келмесе, диспетчер мүгедектігі бар адамға тапсырыс беру мекенжайын өзгертуден бас тартады.

69. Мүгедектігі бар адам белгіленген уақыттан кешігетін болса, ол тапсырыстың белгіленген уақытына дейін бір сағаттан кешіктірмей диспетчерге телефон арқылы хабарлайды. Диспетчер тапсырыс уақытын ауыстырады немесе мүгедектігі бар адамның кешігуі себебімен инватакси қызметтерін көрсету кестесіне кедергі келтірсе, тапсырысты алып тастайды.

70. Межелі пунктке келгеннен кейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес инватакси қызметтерін көрсету бағыты туралы ақпаратқа мүгедектігі бар адам немесе оның заңды өкілі қол қояды, мүмкіндік болмаған жағдайда, дене функциясының бұзылуы салдарынан ілесіп жүретін адам қол қояды.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.04.2026 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Жергілікті атқарушы органдардың инватакси қызметтеріне ақы төлеуі автомобиль көлігінің тәулігіне сағатпен (машина-сағатпен) өлшенген нақты жұмыс уақытын негізге алады.

Автомобиль көлігімен
мүгедектігі бар адамдарды

Инватакси қызметтерін көрсетуге арналған объектілердің және белгіленген пункттердің тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.11.2024 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

- 1) мүгедектігі бар адамның жұмыс орны;
- 2) мүгедектігі бар адамның оқу орны;
- 3) жергілікті өкілді және атқарушы органдар;
- 4) сот, прокуратура;
- 5) әлеуметтік инфрақұрылым объектілері;
- 6) заң консультациялары;
- 7) нотариус;
- 8) медициналық мекемелер (жедел (шұғыл) медициналық көмекті көрсету жағдайларды қоспағанда);
- 9) әуежайлар, теміржол вокзалдары, автовокзалдар, теңіз және өзен порттары;
- 10) арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдар;
- 11) мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктері үшін массаж қызметтерін көрсететін ұйымдар.

Автомобиль көлігімен
(инватакси) мүгедектігі бар
адамдарды тасымалдау жөнінде
қызметтер көрсету
қағидаларына 2-қосымша

Мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау жөніндегі қызметті алуға өтініш

Ескерту. Қағидалар 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.11.2024 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 25.04.2026 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мүгедектігі бар адамдарды инватаксиге тасымалдау жөніндегі қызметтерді әлеуметтік

көрсетілетін қызметтер порталы арқылы көрсетуді сұраймын.

Мүгедектігі бар адам туралы мәліметтер:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні: _____

Мүгедектік тобы _____

Мүгедек адамдарды кресло-арбамен тасымалдауға бейімделген инватаксиге қажеттілік _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжат нөмірі: _____ кім берді: _____

Берілген күні: 20 __ жылғы " ____ " _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Тұрақты тұратын (тіркелген) мекенжайы: _____

Мобильді азаматтар базасында тіркелген телефон нөмірі _____

Заңды өкіл туралы мәліметтер (бар болса):

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжат нөмірі: _____ кім берді: _____

Берілген күні: 20 __ жылғы " ____ " _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Тұрақты тұратын (тіркелген) мекенжайы: _____

Мобильді азаматтар базасында тіркелген телефон нөмірі _____

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөніндегі қызметтерге құжаттарды ресімдеу үшін қажетті заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Инватокси қызметтерін ұсынуды бақылау мақсатында инватоксимен жүріп-тұру маршрутын қадағалауға келісім беремін.

Келесі шарттар сақталған жағдайда инватокси қызметтерін ұсыну туралы хабардар болдым:

- осы Қағидалармен танысу;
- мобильді азаматтар базасында тіркелген нөмірі бар ұялы телефонның болуы;
- әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы инватокси қызметін алу

кезінде

тапсырысты жүзеге асыру үшін таңдалған өнім берушімен шарт жасасқан ақпараттық-

диспетчерлік такси қызметінің таксиге тапсырыс берудің мобильдік қосымшасын жүктеу;

кезінде - әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы инватокси қызметін алу

сапардың аяқталуын бағалаумен тіркеу.

Жалған мәліметтер мен жалған құжаттарды ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы ескертілдім.

(деректерді жеке адамдар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегатталған түрде толтырылмайды)

Жинау әдісі: электрондық

Инватакси қызметтерін әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы көрсетудің маршруты туралы ақпарат

№ р/с	Инватакси сапарының маршруты				Мүгедектігі бар адамға инватаксимен қызмет көрсету уақыты			
	Инватакси мен тасымалдау күні (күні, айы, жылы)	Бастапқы жөнелту пункті	Соңғы межелі пункті	Баға	Инватаксияның келу уақыты, сағат / минут	Мүгедектігі бар адамды отырғызу уақыты, сағат / минут	Мүгедектігі бар адамды түсіру уақыты, сағат / минут	Сапардың жалпы уақыты
1								
2								
3								
...								

Өнім берушінің ЭЦҚ _____

Мүгедектігі бар адамның ЭЦҚ _____

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда) _____

"Инватакси қызметтерін әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы көрсетудің маршруты туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Инватакси қызметтерін әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы көрсетудің маршруты туралы ақпарат" (индекс – ИЗ айлық кезеңділік)

Нысанның 1-бағанында инватаксимен тасымалдау күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі.

Нысанның 2-бағанында бастапқы жөнелту пункті көрсетіледі.

Нысанның 3-бағанында соңғы межелі пункті көрсетіледі.

Нысанның 4-бағанында бағалау көрсетіледі.

Нысанның 5-бағанында инватаксидің келу уақыты, сағат/минут көрсетіледі.

Нысанның 6-бағанында мүгедектігі бар адамды отырғызу уақыты, сағат / минут көрсетіледі.

Нысанның 7-бағанында мүгедектігі бар адамды түсіру уақыты, сағат/минут көрсетіледі.

Нысанның 8-бағанында сапардың жалпы уақыты, сағат/минут көрсетіледі.

Автомобиль көлігімен
(инватакси) мүгедектігі бар
адамдарды тасымалдау жөнінде
қызметтер көрсету
қағидаларына
4-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: жергілікті атқарушы органдар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Әкімшілік нысанның атауы: Инватакси қызметтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес көрсетудің маршруты туралы ақпарат

Ескерту. Қағидалар 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 29.08.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 19.01.2026 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): И4

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20 ____ жылғы __ ай

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: инватакси қызметтерін көрсететін ұйымдар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі әрбір айдың 10-күніне дейін.

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

(деректерді жеке адамдар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегатталған түрде толтырылмайды)

Жинау әдісі: электрондық

Инватакси қызметтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес көрсетудің маршруты туралы ақпарат

№ р/н	Мүгедектігі бар адам			Инватакси сапарының маршруты		Мүгедектігі бар адамға инватакси мен қызмет көрсету уақыты		
	Тегі, аты, әкесінің аты болған жағдайда оның болуы)	Телефон нөмірі	Қолы	Бастапқы жөнелту пункті	Соңғы межелі пункті	Инватакси дің келу уақыты, сағат / минут	Мүгедектігі бар адамды отырғызу уақыты, сағат / минут	Мүгедектігі бар адамды түсіру уақыты, сағат / минут
1								
2								
3								
...								

Жүргізуші _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Жүргізушінің қолы _____

Диспетчер _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Диспетчердің қолы _____

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда) _____

"Инватакси қызметтерін
Қазақстан Республикасының
мемлекеттік сатып алу туралы
заңнамасына сәйкес көрсетудің
маршруты туралы ақпарат"

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Инвотакси қызметтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес көрсетудің маршруты туралы ақпарат" (индекс – И4 айлық кезеңділік)

Нысанның 1-бағанында тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда оның болуы) көрсетіледі.

Нысанның 2-бағанында телефон номері көрсетіледі.

Нысанның 3-бағанында қолы көрсетіледі.

Нысанның 4-бағанында бастапқы жөнелту пункті көрсетіледі.

Нысанның 5-бағанында соңғы межелі пункті көрсетіледі.

Нысанның 6-бағанында инвотаксидің келу уақыты, сағат/минут көрсетіледі.

Нысанның 7-бағанында мүгедектігі бар адамды отырғызу уақыты, сағат / минут көрсетіледі.

Нысанның 8-бағанында мүгедектігі бар адамды түсіру уақыты, сағат/минут көрсетіледі.